

"Май ауданы ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Павлодар облысы Май ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 мамырдағы № 102/5 қаулысы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы, 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18 бабы 8) тармақшасына, 124-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдансын;

осы қаулыны Май ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шаралар қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Май ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Әмірін

Май ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "26" мамыр
№ 102/5 қаулысымен
бекітілген

"Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже 1. Жалпы ережелер

1. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі) Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомствалық мекемесі: Май ауданы әкімдігінің "Май ауданы ішкі саясат бөлімінің "АРМАНДАСТАР" жастар орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық - құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140800, Май ауданы, Көктөбе ауылы, М.Маметова көшесі 38/3.

10. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма сағат 9.00 - ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

11. Заңды тұлғаның толық атауы мемлекеттік тілде – "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі, орыс тілінде- государственное учреждение "Отдел внутренней политики и развития языков Майского района".

12. Мемлекет Май ауданы әкімдігі тұлғасында "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгеленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты, қызметінің нысанасы, міндеттері мен өкілеттіктері

16. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мақсаты: Ішкі саяси үрдістерді мемлекеттік реттеуге, ауданның мемлекеттік органдарымен ішкі саясат және тілдерді дамыту саласында жалпы дамуын қамтамасыз етуге, әрекеттесуге, аудандағы қоғамдық – саяси ахуалды, саяси партиялардың және өзге қоғамдық бірлестіктердің қызметін бақылауға, талдауға, болжауға және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысу болып табылады.

17. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің нысанасы ішкі саясат және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылға, ішкі саяси процестерді реттеуге бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

18. Міндеттері:

1) ауданның мемлекеттік органдарымен қоғамдық-саяси тұрақтылықты, қоғамдық үрдістердің демократизациялануын және қоғамның бірігуін қамтамасыз ету бойынша әрекеттесу;

2) қоғамдық бірлестіктермен, саяси партиялармен өзара әрекеттесу және қолдау;

3) мемлекеттік саясатты жүргізуге жағдай туғызуға, ауданның мемлекеттік органдарымен мемлекеттік ішкі саясатты насихаттау және түсіндіру бойынша аудандық бағдарламаларды өңдеуге және іске асыруға бағытталған жағдайларды тудыру бойынша шараларды әзірлеу;

4) ауданда болып жатқан қоғамдық-саяси үрдістерді және олардың даму тенденцияларын жан-жақты бақылау, болжау және объективті зерттеу жүйелерін ұйымдастыру;

5) ауданда тұратын халықтардың тілдері мен мемлекеттік тілді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

6) Май ауданындағы қоғамдық-саяси жағдайын талдау және мониторингілеу. 19. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

1) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, кәсіпорындармен, лауазымды тұлғалармен және азаматтармен келісе отырып, белгіленген тәртіпте "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің алдына қойылған міндеттерді орындаумен байланысты мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;

2) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын басқа да атқарушы органдардың мамандарын олардың басшыларының келісімі бойынша жұмысқа тарту;

3) "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүдделерін мемлекеттік органдарда, сотта өкілдік ету;

4) өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қызметін жүзеге асыруға құқылы;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есебін және қаржылық есептілігін жүргізу;

3) нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзіне бекітілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті;

4) мекеме қызметкерлерінің кепілді еңбек жағдайларын және әлеуметтік қорғау шараларын қамтамасыз етуге.

20. Функциялары:

1) "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша аудан әкімі мен әкімдігінің актілерінің жобаларын әзірлеу;

2) ауданда 2050 жылға дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясының, жыл сайынғы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауларын, мемлекеттік және салалық бағдарламалар мен басқа да стратегиялық құжаттардың негізгі артықшылықтарын түсіндіру және насихаттауды қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік тілдің жаппай қолдануына бағытталған шараларды қабылдайды;

4) ауданның жергілікті атқарушы органдарының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және басқа да салалардағы қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын, аталған бағытта жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстардың әзірленуін ұйымдастырады;

5) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолдану;

5-1) "Азаматтарды қандай да бір белгілер бойынша кемсітуге жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыру;

5-2) "Рұқсаттар мен хабарламала туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ауданның елді мекендерінде маңдайшаны орналастыру туралы хабарламаларды қабылдауды және қаруды жүзеге асырады.

5-3) "Республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше атауларын дұрыс жазу және орналастырылуын келісуді жүзеге асыру.

6) ішкі саяси саладағы, этникааралық қарым-қатынас, Қазақстан Республикасында адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және сақтау мәселелерінде мемлекеттік саясатты анықтайтын тұжырымдамаларды, бағдарламаларды дайындау және іске асыруға қатысады;

7) мемлекеттік және өзге де тілдерді дамытуға бағытталған аудандық маңызы бар іс-шараларды жүргізеді;

8) ауданда мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

9) Май ауданының аумағында дінге қатысты мемлекеттің саясатын өз кезегімен жүзеге асыру, діни бірлестіктердің қарым-қатынасын реттеу саласындағы заңнаманы жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

10) ауданның қоғамдық-саяси, діни, жастар, үкіметтік емес бірлестерінің ақпараттық деректер қорын қалыптастыру, жинау, қорыту және жіктеу жөніндегі жұмысты жүзеге асыру;

11) саяси партиялармен, үкіметтік емес ұйымдармен, этно-мәдени, діни бірлестіктермен, кәсіптік одақтармен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;

12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдануды насихаттау, әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын жүзеге асырады;

13) аудандағы отбасы-демографиялық жағдайының мәселелері бойынша жұмысты жүзеге асыру, Қазақстан Республикасында гендерлік және отбасы-демографиялық саясатының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен нұсқаулықтарды әзірлеу;

14) әкімдіктің отырыстарына және аудан әкімі жанындағы мәжілістеріне "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелері бойынша материалдарын, талдамалы жазбахаттарын, әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелерін, ауданда болып жатқан әлеуметтік-саяси үдірістер дамуының динамикасы мен тенденциялары туралы ақпаратты дайындау;

15) ауданда ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, саяси үрдістерді демократизациялауға бағытталған облыстық және аудандық ғылыми-тәжірибелік конференцияларды дайындау мен өткізуге қатысады;

16) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғаммен байланысты орнату және үнемі дамыту;

17) ведомствоға қарасты ұйымға әдістемелік көмек көрсетеді;

18) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша консультативтік-кеңестік органдардың қызметін қамтамасыз етеді;

19) жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырады;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және жүзеге асырылуын бақылау;

21) ауданда болып жатқан қоғамдық үрдістерді талдау және реттеу, әлеуметтік зерттеулерді, қоғамдық пікір сауалнамасын жүргізу, әлеуметтік шиеленісу ошақтарын анықтау, Республика, облыс, аудан өмірінің маңызды мәселелері жөніндегі қоғамдық пікірді қалыптастыру;

22) Май ауданы аумағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің орналастыруын, орнатуын бойынша мониторингті жүзеге асырады;

23) аудандық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстарды жүргізеді;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Май ауданы әкімдігінің 17.11.2025 № 274/11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

21. Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

22. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке Май ауданының әкімімен қызметіне тағайындалады және қызметінен босатылады.

23. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

24. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) аудан әкімдігінің бекітуіне "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені және оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізуін ұсынады;

2) "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылықты жүзеге асырады, "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүктелген міндеттерді орындауға және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауаптылықта болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Қазақстан Республикасы заңнамамен белгіленген тәртіпте "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін мадақтайды, материалдық көмек көрсетуді және оған тәртіптік жазалар қолданады;

5) өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша нұсқаулықтар береді және бұйрықтар шығарады;

6) "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдарда, сотта және меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдарда мүддесін ұсынады;

8) мемлекеттік мекеменің қызметкерлерінің қатысуымен мәжілістер өткізеді;

9) "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі келешектегі және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

10) "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін іссапарға жібереді;

11) азаматтардың жеке қабылдауын жүзеге асырады;

12) барлық мемлекеттік органдарда, сотта және өзге ұйымдарда меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мүддесін қорғау құқығына сенім хат береді;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және оған дербес жауап береді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттікті жүзеге асырады.

"Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

25. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі коммуналдық мүлікті басқару уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органы) арасындағы қарым - қатынас қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

26. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі тиісті саласының уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органы) арасындағы қарым-қатынас қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

27. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі еңбек ұжымы өзара қарым-қатынас мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіледі.

4. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

28. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

31. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қысқартылған кезде несиегерлердің талаптарын қанағаттандырғыннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншігінде қалады.

33. "Май ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қарамағында Май ауданы әкімдігінің "Май ауданы ішкі саясат бөлімінің "АРМАНДАСТАР" жастар орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.